

# ҚАЗАҚ ӘНДЕРІНІН АНТОЛОГИЯСЫ



## I ТОМ



# ҚАЗАҚ ӘНДЕРІНІҢ АНТОЛОГИЯСЫ

## І ТОМ

---

*Қазақ халық әндерінің  
толықтырылған жинағы*



ИЗДАТЕЛЬСТВО АЛМАТЫ  
**ӘНЕР** 2006  
БАСТАҒЫ

**ББК 85.31**

**Қ 17**

*Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі  
Ақпарат және мұрағат комитетінің бағдарламасы бойынша  
шығарылып отыр*

**Қ 17 Қазақ әндерінің антологиясы. Том I.**  
(Құрастырғандар: **Ө.Көпіш, Е.Ералы, Қ.Оспанова**).  
Алматы: “Өнер” баспасы, 2006. — 352 бет.

ISBN 9965-768-67-6

Жеке бір адамның тағдыры мен бүкіл қоғам басындағы рухани күйініш-сүйініштерді, қаншама аласапыран оқиғаларды жан-жүрекпен егіле отырып — жырлаған; жырлай отырып — оны әуез-әнге бөлеп, өрелеген Мұң мен Зар, Қуаныш пен Шаттық, Үміт пен Сүйіспеншілік — небір замандардың сұрапыл сынынан мүдірмей өтіп, бізге ән болып жетті.

Ел ауызында сақталынып қалған қайсыбір қазақ әні де өз тыңдаушысының жүрегіне осылай берік орныққаны да сондықтан.

Әуелде халықтың сарабдал өнерлі ұл-қыздарының көкейінде қайнап, көмейінен ағытылып шыққан мұндай әндер — кейіннен халықтың өз әндеріне айналып кетті. Қоғамдық-әлеуметтік өзгерістер толқыны мұндай өміршең әндерді жағаға шығарып тастай алмайды. Ол әндер халықпен бірге жасасып келеді, жасай береді.

Ұсынылып отырған антологияға осындай терең рухани қазынамыз болып табылатын — қазақтың халық әндерінің ел арасына кең тараған таңдаулыларын, мүмкіндігінше мол қамтып, ұсынып отырмыз.

Кітап әнсүйер көпшілікке арналады.

**ББК 85.31**

**© “Өнер” баспасы, 2006**

© “Өнер” баспасы, 1990,  
Халық әндерінің  
антологиясы. I, II том

© “Қайнар” баспасы, 1993,  
Ауыл кеші көңілді

© “Жазушы” баспасы, 2000,  
Халық әндері. I, II, III том.

© “Қазақпарат” баспасы, 2005, Қазақ  
музыкасы. Антология I, II том.

**Қ 4905000000**  
**00(05)-06**

ISBN 9965-768-67-6

## ҚАЗАҚ ӘНІНІҢ ҰЛЫ КӨШІ

Қазақ халқының сан ғасырлық тарихы бар музыкалық қазынасының терең бір арнасы — ән өнері. Бұл өнер заманалардың қатал сын-дауылдарынан мүдірместен өтіп, өзінің сан қырлы көркемдік сипатымен сақталынып, көшпелілердің биік руханияты мен мәдениетінің сарқылмас бұлағына айналды. Қазақ әндері о баста ауызекі түрде шығып, тарап, өз тыңдаушыларының жүрегіне берік орнығып, әр заманда — сұрыпталып, сан түрлі реңк-бояуларымен, міне, ХХІ ғасырға да жетіп отыр.

Халқымыздың рухани тынысының кеңеюі мен эстетикалық сана-түсінігінің терең қалыптасуына бұл әндердің әсер-ықпалы орасан зор болды. Ән өнері халықтың тұрмыс-тіршілікке, әдет-ғұрыпқа деген талғамын ғана өсіріп қойған жоқ, сонымен бірге біздің жан-дүниемізді сұлулық пен мейірімге, ізденіс пен махаббатқа түбегейлі іңкәр етті.

Ұрпақ тәрбиесіне айрықша мән берген қазақ халқы небір әдемі әуентге өрілген, асыл сөздің мөлдіреген моншақ-кестесімен сәби жүрегін тербеп, ой-санасын ізгілік пен адамгершілікке жетеледі. Осылайша буыннан-буынға жалғасып келеді.

Қазақ әнінің жанрлық ауқымы өте кең: *тұрмыс-салт әндері, махаббат, жастық күйі, табиғат лирикасы, туған жер, отаншылдық* т.б. тақырыптарды қамтиды. **Қазақ әнінің** осындай салқар көші әр тақырып аясында ішінара сала-салаға бөлініп жатады. Бұл халық әндерінің шығу, тарау, қалыптасу, түрлену тегінің тым әріде жатқанын көрсетеді.

Кейбір кер заманда — қоғамда болып жатқан саяси-әлеуметтік оқиғалар халық әндерінің тағдырына да



кері әсер еткені анық. Мәселен, кешегі қызыл империяның ызғары қазақтың ән өнеріне өзінің сұсты көлеңкесін түсіріп кетті. Өйткені, қаншама әндер авторларының аты-жөнін ашық айтуға болмағандықтан, олардың көпшілігі халық әндері қатарына барып қосылған болса, енді біразы әлі де иесін таппай жүр. Сондай-ақ, кейбір әндердің әуендері ұқсас болып келгенімен, ән мәтінінде алшақтық байқалады. Енді бірсыпыра әндер қоғамдық-әлеуметтік игі өзгерістердің әсерінен заңды иелерін тауып та жатыр.

Біз — құрастырып отырған антологияға — ел ауызында мүлде ертеден келе жатқан әртүрлі, әр сипатты әндерді молынан қамтуға тырыстық. Әндердің аталуын, мүмкіндігінше, қазіргі қалыптасқан әліпбилік (алфавиттік) ретпен қатарластырып қояуды жөн көрдік. Ал, әуендері ұқсас, не мәтіндері ұқсас, аттары ұқсас әндердің қаншабір түрі болса — соның барлығын да енгізуге тырыстық. Өйткені, олардың қай-қайсысы болса да, халықтың рухани қазынасы болып саналады.

Музыка зерттеушілерінің айтуынша, халқымызда, кейбір ән түрлерін қоспағанның өзінде, 12 мыңнан астам ән бар көрінеді. Ал, енді әлі күнге дейін хатқа түспей, ел арасында айтылып жүргендері қаншама?! Олай болса — халық әндерін ұдайы жинастырып отыру, олардың қадір-қасиетін көздің қарашығындай сақтау — бәріміздің де перзенттік парызымыз екенін ұмытпағанымыз жөн. *Арғы-бергі ғасырлардан халық көшімен бірге келе жатқан қазақ әндерін алдағы кезеңде де кең-мол игере отырып, халықтың өзіне жинақтап-қайтару — “Өнер” баспасы өз алдына қойып отырған негізгі мақсаттарының бірі.*

Ендеше, көк аспанымыздан нұр төгіле берсін!  
Елімізден құт-береке кетпесін!  
Шаңырағыңыздан әрқашан ән үзілмесін!

*Әшірбек Көпіш,  
Есенәлі Ералы,  
Қарлығаш Оспанова.*





## Абай көк

(I түрі)

Қараойда ма ауылың, Бозталда ма, Абай көк,  
Қарай-қарай артыңа көз талды ма, Абай көк.  
Әй-ау десем артыңа қарамайсың, Абай көк.  
Шыныменен көңілің бек қалды ма, Абай көк.

*Қайырмасы:*

Есік алды мойылды сай,  
Басына бұлбұл қонсашы-ай.  
Күнде жиын, күнде той  
Заман сондай болсашы-ай.

Дәйім менің мінгенім сұрша құнан, Абай көк,  
Қозы ағыттым көгеннің бұршағынан,  
Абай көк.

Шыныменен пейілің менде болса, Абай көк,  
Жолығайық ауылдың сырт жағында, Абай көк.

*Қайырмасы.*



## Абай көк

(II түрі)

Бойында бұл Қобданың ши бар ма екен,  
Оюда шебер ойған мін бар ма екен.

*Қайырмасы:*

Ей, абай көк,  
Жерің шалғай-ей,  
Амал жоқ.

Ант ішкен айрылмастай екі қалқа,  
Көретін қайта айналып күн бар ма екен.

*Қайырмасы.*

Немене өлең деген ермек деген,  
Саудагер ел ішінде көлбектеген.

*Қайырмасы.*

Кеткенде ауылың алыс, ей қарағым,  
Зар болдым көлеңкеңе елбектеген.

*Қайырмасы.*



## Абай көк

(III түрі)

Берейін әнге салып жамағатқа, үй Абай көк,  
Бұл өлең мұра болған азаматқа ей.  
Жерің шалғай ей, амал жоқ.

Осында үлкен де отыр, кіші де отыр үй,  
Абай көк.

Көрсем де артық болмас саламат па-ей,  
Жерің шалғай ей, амал жоқ.

Сөйлейін сөйле десең халқым қалап,  
үй Абай көк.

Елімнің мерекесін құтқа балап-ей!  
Жерім шалғай-ей, амал жоқ.

Өсе бер ортақ дәулет күнде мыңнан,  
үй Абай көк

Мәпелеп еңбекті елім түр аймалап ей  
Жерім шалғай ей, амал жоқ.





## Абай, күнім-ай

Қалам алдым қолыма, ей, өрнекпенен,  
Бір ғанибет жақсыны көрмек деген.

*Қайырмасы:*

Абай, күнім-ай,  
Ай-күнім-ай,  
Апырма(й) ой, айгагай.

Бір белгісі өнердің, ей, көрінеді,  
Жіп тартатын мәшине шөлмекпенен.

*Қайырмасы.*

Мына сөздің келбеті, ей, келген жері,  
Бәрі де анық адамға өлмек деген.

*Қайырмасы.*

Бағаң артық баласың, ей, әуес қылар,  
Кімдер мініп жорғаны терлетпеген.

*Қайырмасы.*



## Ағажан, Ләтипа

Жаңа салған көктемнің гүліндейсің,  
Піскен алма жайсаңның бүріндейсің.  
Күлше берген баладай алдай түсіп,  
Бер жағыңмен әншейін күлімдейсің.

*Қайырмасы:*

Ағажан, Ләтипа,  
Гүлмайдан, Ләтипа,  
Бірде ашық, бірде ұяң  
Беу-беу, Ләтипа!

Ләтипаның қолында гауһар жүзік,  
Бозбалалар қарайды көзін сүзіп.  
Бір ауыз сөз естімей жүрсем-дағы,  
Кете алмадым өзіңнен күдер үзіп,

*Қайырмасы:*

Құлпырған бейне гүл,  
Қызықты жас өмір.  
Бір сенде жүрегім,  
Құрбыжан өзің біл.



## Ағажай — Алтай

Аппақ шыңы Ай сүйген асқар Алтай,  
Арайлы күн алтын нұр шашқан, Алтай!

Ағажай,  
Алтайдай жер қайда-ай?!

Анам болып әлдилеп, күндіз-түні,  
Бесігімдей тербеттің, жастан, Алтай

Ағажай,  
Алтайдай жер қайда-ай.

Мінген атым астымда телкүреңім-ой,  
Ел аралап, ән салып көп жүремін,

Ағажай,  
Алтайдай жер қайда-ай.

Болсам егер дәрігер қолы жеңіл-ой,  
Жараланған емдейтін ел жүрегін,

Ағажай,  
Алтайдай жер қайда-ай.

Екі торы ат белдеуге байламадым-ой,  
Бұл дүниенің өтерін ойламадым,

Ағажай,  
Алтайдай жер қайда-ай.

Жастық дәурен барады арманда өтіп-ой,  
Қол ұстасып өзіңмен ойнамадым,

Ағажай,  
Алтайдай жер қайда-ай.



## Ажар сарыны

Әкем аты Шортанбай, атым Ажар,  
Жүрген жері Ажардың күнде базар.  
Бес жасымда құдайым көзімді алып,  
Сол себептен атандым соқыр Ажар.

*Қайырмасы:*

Атандым соқыр Ажар, ха-ля-ляй-ай!

Бесіктен шықпай жатып қайғы торып,  
Жаңбырсыз сарғалдақтай қалған солып.  
Алдымда, қайда барсам, Қорқыт көрі,  
Бақытсыз неге тудым қызың болып.

*Қайырмасы:*

Атандым соқыр Ажар, ха-ля-ляй-ай!



## Ай-ай-ау

Бұл жастық бастан бір-бір өтер деймін,  
Бал менен тәтті нәрсе шекер деймін.  
Көргенде ұлы тойда сергексініп,  
Ұзақшыл аттай жүйрік тепендеймін.

Жастық шақ өте шығар басымыздан,  
Бала едің әдеп көрген жасыңыздан.  
Он бес пен жиырманың арасында,  
Кетпейді келген құрбы қасыңыздан.



## Айжан-ай

Дарияның арғы жағы, ахау, бергі жағы,  
Жайқалған жағасында жапырағы.  
Жігіттің еш арманы, ахау, болмас еді,  
Күлімдеп алдан шықса сүйген жары.

*Қайырмасы:*

А-хау... Айжан-ай,  
Жас дәурен екі айналып,  
Келмес саған-ай.

Дүниеде әркім жүрер, ахау, кең болған соң,  
Ойнайды екі құрбы тең болған соң.  
Сырымды саған айтпай, ахау, кімге айтамын,  
Сүйгенім ғашық жарым сен болған соң.

*Қайырмасы.*



## Ай, көке

Сырымбет биік адыр қатар кезең.  
Жарысып таудан құлай аққан өзен.  
Ұқсаған биқасапқа көк шалғыны,  
Көк орай, қайың мен тал — бәрі де әсем.

*Қайырмасы:*

Ай-ай, көке, үридай,  
Қалқаш-ай, үридай, үридай.

Мөп-мөлдір сынап құсап бұлақ аққан,  
Маңында үш түрлі көл шалқып жатқан,  
Топырағы бейне мақпал егінге жай,  
Шырайы әдемі жер күліп жатқан.

*Қайырмасы.*



## Ай-ай, сәулем-ай

Барады көшіп аулым Көлме көлге,  
Көлме көл алыс дейді,  
Ай-ай, сәулем-ай, көрмегенге-ай.

Түскеңде сен есіме, ей, қарағым,  
Жүремін әрең шыдап,  
Ай-ай, сәулем-ай, өлмегенге-ай.

Қалқатай етің аппақ қояндайсың,  
Ән салсам үй сыртынан,  
Ай-ай, сәулем-ай, оянбайсың-ай.

Бірге өскен кішкентайдан замандасым,  
Дәм тартып әлдекімге,  
Ай-ай, сәулем-ай, баяндайсың-ай.





## Ай, бұлбұл

Ұстағаным қолыма қалам еді-ай,  
Бәрімізден бұл жалған қалады енді-ай!

*Қайырмасы:*

Ай, бұлбұл,  
Қызыл гүл,  
Өтіп дәурен барады,  
Тіршілікте ойнап-күл.

Сен сұрасаң өленді, мен айтайын-ай,  
Жазып алғын осылай, балам, енді-ай!

*Қайырмасы.*

Өлең деген, ендеше, өлең деген-ау,  
Өлең десе, құлағым елендеген-ау.

*Қайырмасы.*

Өрнегіне келтіріп әуен қоссаң-ау,  
Өлеңің өзгермеген, көнермеген-ау.

*Қайырмасы.*



## Айдай

(I түрі)

Аулым көшіп барады Алмалыға,  
Ой бөлмеймін шын істің айдай  
Жалғанына-ай.

Бір кетпейтін есімнен есіл қалқам,  
Жетер ме екен қол созған, айдай  
Арманына-ай.

Аулым көшіп барады Алмалыға,  
Кім көнбейді Алланың, айдай  
Салғанына-ай.

Бір кетпейтін есімнен есіл қалқам  
Кетер ме екен біреудің айдай  
Қармағында-ай.



## Айдай

(II түрі)

Айт десеңіз, айтайын ән баяулы,  
Жарлы болар жігіттің, айдай,  
жаны аяулы-ай.  
Тіршілікте қалайық күліп-ойнап  
Өтіп жалған барады, айдай, күн  
санаулы-ай.



## Айдай

(III түрі)

Шалкөденің басында алмал(ы) едім,  
Қымыз емес ашыған саумал едім-ай.  
Қалың шөбің Шалкөде, бір көрінсе,  
Шәй көрпеде жатқандай аунар едім-ай.

*Қайырмасы:*

Арқадан соққан қызыл жел, айдай,  
Торғайдай тозған қайран ел, қайда-ай?!

Елім барды-ау кейінгі Көлме көлге,  
Алыс дейді Көлме көл көрмегенге-ай.  
Артта қалған аңсарлы қайран елім,  
Ұшар қанат менде жоқ сен дегенде-ай.

*Қайырмасы:*

Арқадан соққан қызыл жел, айдай,  
Торғайдай тозған қайран ел, қайда-ай?!





## Айдай тамаша

Мен істеймін жұмысты өндірісте ахау,  
Маман тауып келемін әрбір іске.

Айдай тамаша!

Озып шығып қатардан жүлде аламын

ахау,

Мен сенемін бойдағы қайрат, күшке.

Айдай тамаша!



## Ай, күнім-ай

Асыл құмған, ендеше, асыл құмған-ай,  
Айналайын көзіңнен, ай, күнім-ай,  
ашып-жұмған-ай.  
Әкең сұңқар болғанда, шешең — тұлпар-ай,  
Неге жаман боласың, ай, күнім-ай,  
содан туған-ай.

Әруағына сыйынған Биекенің-ай,  
Жаман білмес жақсының, ай, күнім-ай,  
кім екенін-ай.  
Қайда жүрсе жақсының жаттығы жоқ-ай,  
Жақсы болсаң боларсың, ай, күнім-ай,  
бір мекенім-ай.



## Ай-ай, бозым

Той дегенде мінемін дөненімді,  
Жақсылардан аямай өнерімді-ай, ау.  
Топ алдында осылай сынға түсіп,  
Бір тексеріп қояйын өлеңімді-ай, ау.

### *Қайырмасы:*

Ай-ай, бозым,  
Аялаған жан қалқа  
Келді-ау кезің, әй.

Өлеңімді тыңдаған не дейді екен,  
Жақсыны өлең қолтықтан демейді  
екен-ай, ау.

Бір, екі ауыз тойда өлең таппаған жан.  
Бай болса да бәрібір кедейге тең-ай, ау

### *Қайырмасы:*

Ай-ай, бозым,  
Аялаған жан қалқа  
Келді-ау кезің, әй.

